

**ЖШС «Күншуак» бөбекжай балабақшасы
Меңгерушісі жанындағы жиналыс отырысының
Хаттамасы №1**

03.09.2023ж

Төрағалық етуші : Кудирбекова Ш.Б

Хатшы: Төлебаева Г

Қатысқандар: 13

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер.

1. Мектепке дейінгі ұйымның нормативтік құқықтар құжаттарын талдау.
2. 1-Қыркүйек «Білім күні» ертеңгілігінің қорытындысы.
3. Жыл бой өтетін ертеңгіліктер і мен сауықтыру іс-шараларын жоспарға сай бекіту.
4. Балалардың балабақшада адаптациялық кезеңін ұйымдастыру шаралары.

Тыңдалды. Меңгеруші жанындағы кеңесті балабақша меңгерушісі Кудирбекова Ш.Б. ашып күн тәртібінде қаралатын мәселермен таныстырды.

Сөйледі. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Төлебаева Г. сөйлеп мектепке дейінгі ұйымда басшылыққа алынатын нормативтік құқықтық құжаттар туралы мәлімет беріп өтті. Қ.Р-ның Білім және Ғылым министрілігінің 2023-2024 оқу жылында ұйымдастырылған іс-әрекеттердің ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатта көрсетілген нормативтік құжаттар бойынша жүргізілетінін айтып өтті. «Білім туралы заң» «Тіл туралы заң» ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы Қ Р білім беруді дамытудың 2023-2024 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы т.б. құжаттар туралы атап өтті.

Сөйледі: Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша тәрбиеші Ералхан Д сөз сөйлеп 1-қыркүйек білім күнінің ертеңгілігінің мақсатымен өлтіру барысымен таныстырды. Балалардың көрсеткен өнер түрлері мектепке балабақшаларға арналды. Балалар білім күнінің мән мағынасын жетік түсінді деп ойлаймыз.

Жарыс сөзге шыққандар балабақша меңгеруші Кудирбекова Ш.Б. ертеңгіліктің өз дәрежесінде өтілгенін балаларда «Білім күні» не үшін атап өтетіні туралы түсінік қалыптасқанын айтып өтті.

Сөйлейді: Күн тәртібіндегі 3-ші мәселе бойынша әдіскер Төлебаева Г. жылдың жұмыс жоспары бойынша жыл бойы өтетін ертеңгіліктер мен ойын сауықтар іс-шаралармен таныстырып өтті. Ертеңгіліктер қай топтарда өтілетінін белгілеп сценарилердің дайындауға ұсынысты тәрбиешілер түгел мақұлданды.

Сөйледі: Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша тәрбиеші Дәуітбай Н. сөз сөйледі. Балалардың балабақшадағы адапациялық кезеңінде баланың көптеген қиындықтарды болды.

Баланың балабақша қиын бейімделу себертері бұрын баска адамдармен қалып көрмегендіктен балабақшаға бейімделу қиынға созатын айтып өтті. Ол кезде балалармен жұмыс жасап балабақшаға бейімделіп кетуіне көмек көрсету.

Менгеруші жанындағы кеңестің шешімі

1. Мектепке дейінгі ұйымның жұмыстары нормативтік құқықтық құжаттарға сай басшылыққа алынып жүргізілсін.
2. 1-қыркүйек «Білім күні» қорытындысы жақсы деп бағалансын.
3. Жыл бойы өтілетін ертеңгіліктер ойын-сауықтар жоспары жылдық жұмыс жоспарына сай бекітілсін.
4. Балалардың адаптация кезінде балалармен және жұмыстар ұйымдастырылсын.

Менгеруші жанындағы кеңестік төрайымы



Кулирбекова Ш.Б

Хатшы:

Сланбекова А

**ЖШС «Күншуақ» бөбекжай балабақшасы
Меңгерушісі жанындағы жиналыс отырысының
Хаттамасы №2**

04.10.2023ж

Төрағалық етуші: Кудирбекова Ш.Б

Хатшы: Төлебаева Г

Қатысқандар: 14

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер

1. Айлық жоспарды бекіту.
2. Педагогтың құжаттарын тексеру нәтижесі.
3. Топтағы және жалпы ата-аналар жыйналысын өткізу.
4. Мұғалімдер күніне «Алтын күз» мерекесіне арналған дайындық.

Тыңдалды: Меңгеруші жыйындағы кестені балабақша меңгерушісі Кудирбеков Ш.Б ашып бүгінгі күн тәртібіндегі қаралатын мәселелерді айтып таныстырды.

Сөйледі: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Төлебаева Г. 2023-2024 жаңа оқу жылының жұмыс жоспарымен таныстырды. Мемлекеттік аттестацияның қорытындысына айтылған ұсыныстармен кемшіліктерге тоқталды. Ұсыныстар бойынша жылдық жұмыс жоспарына өзгертулер енгізілді. Айлық жылдық оқу іс-әрекеттер ойын-сауықтармен ертеңгіліктердің жоспарының бекітілгенін айтты.

Сөйледі: Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әдіскер Төлебаева Г. педагогтардың құжаттарын тексеру нәтижесі туралы айтып өтті. Ұйымдастырылған әс-әрекеттер мен тәрбие жұмыстың бақылау туралы айтты. Балалармен жүргізілетін тәрбие жұмыстары циклограмма журналында көрсетілген тәрбиелік шаралар бойынша күн тәртібінің орындалуы мен бақыланады. Әр топқа жас ерекшеліктеріне білім беру стандартына бағдарламаға сәйкес күн тәртібі ұйымдастырылған іс-әрекеттер құралды.

Сөйледі: Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша әдіскер Төлебаева Г топтардағы және жалпы ата-аналар жиналысын өзгерту туралы айтып өтті. Баламен жеке сөйлесуге, баланың жеке пікірін тыңдауға әр бір ата ана уақыт таба білу керек. Баланың жетістігі үшін емес, сол қалпында жақсы көретінін сезіну керек. Шығармашылық қабілетін дамытуға жағдай жасау, балаға әр дайым сенім білдіру туралы және т.б. кеңестер туралы айтып өтті.

Сөйлейді. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі Дубай Г. сөйлеп «Армысың алтын күз» ертеңгілігінің мақсаты мен сценаридің өткізілуі барысымен таныстырды. Қай тәрбиеші қандай рөлдерде ойнайтынын балалардың қандай катюм киетіндігін әндер билер орындайтынын туралы айтып өтті. Мұғалімдер күніне арналған іс-шаралар жүргізілді. Мерекеге сай әндер мен

тақпақтар айтылады. Жалпы мерекелердің жақсы деңгейде аталып өтетіні жайлы айтып өтті.

Меңгеруші жанындағы кеңестің шешімі.

1. 2023-2024 оқу жылының айлық жоспары бекітілсін.
2. Педагоктардың құжаттарын тексеру нәтижесін жақсы деп бағалансын.
3. Топтағы және ата-аналар жиналысының нәтижесі қанағаттанарлықтай.
4. Тәрбиеші мен балалардың мерекеге дайындықтары жақсы деп бағалансын.

Меңгеруші жанындағы кеңестік төрайымы:



Құдирбекова Ш.Б

Хатшы:

Сланбекова А

**ЖШС «Күншуақ» бөбекжай балабақшасы
Меңгерушісі жанындағы жиналыс отырысының
Хаттамасы №3**

05.11.2023ж

Төрағалық етуші: Кудирбекова Ш.Б

Хатшы: Төлебаева Г

Қатысқандар: 13

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер

1. Педагоктардың нормативтік құжаттарын тексеру.
2. Санитарлық тазалау тәртібі.
3. Балалар тәрбиесіндегі тәрбиешілер мен көмекшілердің арасындағы қарым –қатынас
4. «Арайлы алын күз» ертеңгілігінің қорытындысы .

Тыңдалды: Меңгерушісі жанындағы кеңесті балабақша меңгерушісі Кудирбекова Ш.Б. ашып бүгінгі күн тәртібіндегі қаралатын мәселерді айтып таныстырады.

Сөйлейді. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Отинбаева Н. сөйледі. Мектепке дейінгі ұйымда басшылыққа алынатын нормативтік құқықтық құжаттар туралы мәлімет беріп өтті. Қ Р-ның Білім және Ғылым министрлігінің 2022-2023ж оқу жылында ұйымдастырылған іс-әрекеттердің ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатта көрсетілген нормативтік құжаттар бойынша жүргізілетін айтып өтті.

«Білім туралы заң» «Тіл туралы заң» ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы Қ Р білім беруді дамытудың 2023-2024жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Мектепке тәрбие мен оқытудың үлшілік оқу бағдарламасы т.б. құжаттар туралы атап өтті.

Сөйлейді. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша медбикесі Жамаш Ж сөйлейді. Ол тамақ әзірленетін орынның яғни асқананың санитарлық жағдайы тамақтың құнарлығы мен сапасын бақылаудағы қорытындысын айтты. Тамақ әзірленетін орын күнделікті тексеріліп қадағалап отырады. Ыдыстар ыдыс жуу шүбіректері, жуу құрал-жабдықтары таңбаланып дезинфекцияланып отырады.

Жарыс сөзге шыққандар: Балабақша меңгерушісі Кудирбекова Ш.Б. тамақ әзірленетін орынның тазалағы талапқа сай екенін айтты. Тамақтың спасы бекітілген ас мәзіріне сай пісіріледі. Тамақтыңсынамалары арқылы күнделікті бақылып отыратындығын айтты.

Медбике тамақ сапасын жақсы дәмді екенін, бөліштер мен тәтті нандардың көлемі талапқа сай екенін айтып өтті.

Сөйлейді. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша меңгеруші Кудирбекова Ш.Б. балалар тәртібіндегі тәрбиешілер мен көмекшілер арасындағы қарым-қатынас туралы айтты. Ол өз сөзінде әр топқа жұмыс жасайтын тәрбиешілердің жұмыс орындарын белгілеп айтып берді. Күнделікті әрбір балабақша қызметкері өздерінің лауазымдық міндерін орындалуын тапсырды. Тәрбиешілер болса бала өміріне денсаулығына шынығуына ақыл ойын дамытып жан-жақты жетілуіне арналған жұмыстарды жүргізеді.

Тәрбиеші көмекшілері балаларға арналған ыдыстардың төсек орындарын әжетханалардың тазалықтарына жауап береді деп айтты.

Сөйледі: Күн тәртібіндегі 4ші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі Сатимбекова М. сөйлеп «Арайлы алтын күз» ертеңгілігінің мақсатымен сценаридің өткізілу барысымен таныстырды. Қай тәрбиеші қандай рөлде ойнайтынын балалардың қандай костюм киетінін әндер билер орындайтыны туралы айтып өтті. Мұғалімдер күніне арнап арнайы іс-шаралар жүргізілді. Мерекеге сай әндер мен тапқактар айтылды. Жалпы мерекелердің жақсы деңгейде аталып өтетіні жайлы айтып өтті.

Жарыс сөзге шыққанда: әдіскер Абдулла А. ертеңгіліктің өте қызықты өткенінің ата-аналардың риза болғанын айтты.

Тәрбиеші Ерлхан Д. ертеңгілікке безендіру жұмыстары өте керемет болғандығын айтты.

Меңгеруші жанындағы кеңестің шешімі.

Педагоктардың нормативтік құқықтарын тексеру нәтижесі жақсы деп бағалансын.

Санитарлық тазалау тәртібі жақсы бағалансын.

Балалар тәрбиесіндегі тәрбиешілер көмекшілердің арасындағы қарым – қатынас жақсы деп бағалансын.

«Алтын күз» ертеңгілігінің нәтижесі жақсы деп бағалансын.

Балабақша меңгерушісі



Кудирбекова Ш.Б.

Хатшы:

Сланбеков А

**ЖШС «Күншуақ» бөбекжай балабақшасы
Меңгерушісі жанындағы жиналыс отырысының
Хаттамасы №4**

02.12.2023ж

Төрағалық етуші: Кудирбекова Ш.Б.

Хатшы: Сланбекова А.

Қатысқандар: 13

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер .

1. Айлық жоспарды бекіту.
2. Педагоктардың норммативтік құқықтарын тексеру нәтижесі.
3. 16-желтоқсан мерексіне арналған сценари бекіту .

Тыңдалды. Меңгеруші жанындағы кеңесті балабақша меңгерушісі Кудирбекова Ш.Б. ашып бүгінгі күн тәртібіндегі қаралатын мәселелерді айтып танысрды. Өткен меңгеруші жанындағы кеңес шешімдерінің орындауы туралы айтты.

Сөйледі. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе туралы бөбекжай әдіскері Төлебаева Г. сөйлеп қыс мезгілінде балалардың жарақаттануына ескеру шараларымен таныстырып нұсқаулықтар туралы айтты .

Балаларды серуенге алып шыққанда жылы ыңғайлы болуын аяқ аяқ киімдерінің сырғанақ болмауын ғимарат шатырына балалардың ойнауын қадағалауын тапсырды.

Сөйледі. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжай тәрбиешісі Сәпиева Д. сөйлеп «Тәуелсіздік күні» ертеңгіліктерінің сценарилерінің мақсатымен таныстырды. Тәуелсіздік ертеңгіліктерінде балалар отан, ел туралы әндер такпактар айтып ұлттық билер биледі. Тәуелсіздіктің мағанасын түсіндіріп көрініс дайындалуда. Жаға жылдың ертеңгілігіне Аяз ата, Ақша қар, Қоян, жылы т.б. ертегі кейіпкерлері киімдері болатынын айтып педагогтармен ой бөлісіп кеңесті.

Жарыс сөзге шыққандар тәрбиеші Ералхан Д. ертеңгіліктер сценарилерін жақсы екенін айтып, бекітуге ұсыныс айтты. Бұл ұсынысты педагогтар түгел қолдады.

Сөйледі. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша ортаңғы «Балапан» тобының тәрбиешісі Отинбаева Н. топта өткізілген «Ата, әке, бала» спорттық отбасылық сайысының барысымен мақсатымен таныстырды. Қандай сайыс түрін қолданғандарын түсіндіріп өтті.

Бөбекжай меңгерушісі: Кудирбекова Ш.Б. отбасылық сайыстың өткізілуіне жақсы деген баға беріп, қорытындылады.

Менгеруші жанындағы кеңестің шешімі.

1. Балалардың қыс мезгілінде жарақаттанбауына нұсқаулықтар үнемі сақталсын.
2. «Тәуелсіздік күні» мерекесі мен жана жылдың ертенгіліктердің сценарилері бекітілсін.
3. «Ата, әке, бала» атты отбасылық спорттық сайсының өткізілуі жақсы деп бағалансын.

Балабақша менгерушісі



Судирбекова Ш.Б.

Хатшы:

Сланбекова А

**ЖШС «Күншуақ» бөбекжай балабақшасы
Меңгерушісі жанындағы жиналыс отырысының
Хаттамасы №5**

05.01.2024ж

Төрағалық етуші: Кудирбекова Ш.Б.

Хатшы: Төлебаева Г.

Қатысқандар: 14

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер .

1. Балалар білімінің жарты жылдық қорытындысы.
2. «Тәуелсіздік» күнімен барлық топтың жаңа жылдык ертеңгілік қорытындысы .
3. Табиғат бұрышының жағдайы.

Тыңдалды. Меңгеруші жанындағы кеңесті балабақша меңгерушісі Кудирбекова Ш.Б. ашып бүгінгі күн тәртібіндегі қаралатын мәселелерді айтып таныстырды. Өткен меңгеруші жанындағы кеңес шешімдерінің орындалуы туралы айтып өтті.

Сөйледі. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Төлебаева Г. сөйлеп балалар білімінің жарты жылдық қорытындысы туралы айтты. Балалар біліміне бес білім беру сааласы бойынша мониторинг жүргізіліп пайыздары Үлгілі оқу бағдарламасын меңгеру 6,2-1 топың қай білім беру саласы бойынша төмен екенін айтып, әр баламен жеке дамыу картасы бойынша толық жұмыс жасауды тапсырды.

Сөйледі. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша тәрбиеші Жүзбаева А. сөйлеп Тәуелсіздік мерекесімен барлық топтағы жаңа жыл ертеңгілігі айтқан тақпақ әндері ккріністері туралы айтып өтті.

Балаларда тәуелсіздік туралы түсінік қалыптасты.

Жарыс сөзге шыққындар тәрбиеші Отинбаева Н. Тәуелсіздік күні ертеңгілігіне жақсы дайындық жұмыстары жүргізілген. Балалар сахнада тұруды, үйреніп өнерлерін көрсете білді. Ертеңгілік жақсы деңгейде өтілді деп санаймын.

Тәрбиеші Сатимбекова М Жаңа жылдк ертегілер балаларға ата-аналарға өте қызықты болды. Балалардың костюмдері, тәртіптері, өнерлері жақсы деңгейде өтті.

Әдіскер Төлебаева Г. ертеңгіліктерге дайындық жұмыстары және сценарилері талапқа сай жүргізілген. Балалар ертеңгіліктерге қатысу мерекелердің мәнін түсінді деп санайды.

Бөбекжай меңгерушісі Кудирбекова Ш.Б. ертенгіліктердің өткізілу барысы жақсы екенін айтып өтті. Балалардың тәртібіне мән беруді ұсынды.

Меңгеруші жанындағы кеңестің шешімі.

1. Балалар бөлімнің жарты жылдық қорытындысы жақсы деп бағалансын.
2. Тәуелсіздік күні ертенгілігі мен жаңа жылдық ертенгіліктер өткізіледі жақсы деп саналды.
3. Топтардағы табиғат бұрыштары толықтырылсын.

Меңгеруші жанындағы кеңестің төрайымы:



Кудирбекова Ш.Б.

Хатшы:

Сланбекова А

ЖШС «Күншуақ» бөбекжай балабақшасы
Меңгерушісі жанындағы жиналыс отырысының
Хаттамасы №6

11.02.2024ж

Төрағалық етуші: Кудирбекова Ш.Б.

Хатшы: Сланбекова А.

Қатысқандар: 14

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер .

1. Қимылды қозғалысты ойындарының бағдарламалары орындалуы.
2. Оқу-тәрбие жұмыс деңгейінің бағдарлама талаптарына сәйкестігін бақылау .
3. Аналар мерекесіне арналған сценарилерді бекіту.
4. Көктемгі мерекелерге дайындық.

Тыңдалды. Меңгеруші жанындағы кеңесті балабақша меңгерушісі Кудирбекова Ш.Б. ашып беріп қызметкерлерге сәттілік тіледі.

Сөйлейді. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша тәрбиеші Дүйсенбаева М. қимылды қозғалысты ойындардың бағдарламаларының орындалу туралы айтып өтті.

Балалардың қимыл дағдысын қалыптастыру барысында күрделі қозғалысты меңгеру және осы қозғалысқа қатысты әр түрлі қызметпен белсенді жұмыс жасауды артады. Қозғалыс қимыл ойындары топтық сыйпатта болады. Қысқымалы қозғалыс ойындарының сан қырлы тәрбиелік маңызы олардың мектеп жасына дейінгі балалар үшін ыңғайлы ойындардың қуанышы сапасын туғызады. Қимыл қозғалыс балалардың игеріп үлгерген қимыл дағдыларының жетілдіру және дене қабілетін қалыптастыру ретінде қызмет етеді.

Сөйледі. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әдіскер Төлебаева Г. сөйлеп оқу тәрбие жұмыс деңгейлігінің бағдарлама талаптарына сәйкестігі туралы айтты. Оқу тәрбие жұмысын бақылау барысында балалармен жүргізілетін тәрбие жұмыстары циклограмма журналында көрсетілген, тәрбиелік іс –шаралар бойынша күн тәртібінің орындалуымен бақыланады. Әр топқа стандартына бағдарламаға сәйкес күн тәртібі ұйымдастырылған оқу іс-әрекет құрылды.

Сөйлейді. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Дубай Г. 8-наурыз аналар мерекесінің ертеңгілігінің сценарімен таныстырды. Ертеңгілікте тәрбиеленушілердің аналары әжелері, қыздарға арналған әндері, билеп тақпақтар дайындалды. Аналарға өз қолдарымен жасалған сыйлықтарды балалар өз қолдарымен табыстайды. Тәрбиешілерге ертеңгілік сценари ұнады, қосымша өз ойларын айтып толықтырды.

Сөйлейді. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша шаруашылық меңгеруші Төлебева Б сөйлейді.

Ол көктем мезгіліндегі учаскелік жұмыстардың барысымен және орындалатын жұмыстармен таныстырды. Жұмысшылар балабақшаның айналасын жинастырып көктем мезгілінің келуіне байланысты айналаға гүлдер егуге деген қызығушылықтарына кірісе бастады.

Меңгеруші жанындағы кеңестің шешімі.

1. Қимылды ойындардың бағдарламаларының орындалуын қадағалауды пысықтады.
2. Оқу тәрбие жұмыс деңгейінің бағдарлама талаптарына сәйкестігін бақылауы орындалсын.
3. Көктемгі аналар мерекесіне арналған сценари бекітемін .
4. Көктемгі мерекеге дайындық барысы жақсы деп бағалансын.

Меңгеруші жанындағы кеңестің төрайымы:



Кудирбекова Ш.Б.

Хатшы:

Сланбекова А.

ЖШС «Күншуак» бөбекжай балабақшасы
Меңгерушісі жанындағы жиналыс отырысының
Хаттамасы №7

01.03.2024ж

Төрағалық етуші: Төлебаева Г.Б.

Хатшы: Сланбекова А

Қатыскандар: 13

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер .

1. Циклограмма перспективалық жоспардың тексеру нәтижесі.
2. 8-наурыз Халықаралық әйелдер күні
3. 22-наурыз Ұлыстың ұлы күні.

Тыңдалды. Меңгеруші жанындағы кеңесті балабақша меңгерушісі Төлебаева Г. ашып бүгінгі күн тәртібіндегі қаралатын мәселелерді айтып таныстырды. Өткен меңгеруші жанындағы кеңес шешімдерінің орындалуы туралы айтып өтті.

Сөйлейді. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша әдіскер Төлебаева Г. педагогтардың құжаттарын тексеру нәтижесі туралы айтып өтті. Ұйымдастырылған оқу қызметтерімен тәрбие барысын бақылау туралы айтты. Балалармен жүргізілген тәрбие жұмыстары циклограмма журналында көрсетілген тәрбиелік сценарилер бойынша күн тәртібінің орындалуымен бақыланады. Әр топқа жас ерекшелігіне білім беру стандартына бағдарламаға сәйкес күн тәртібі ұйымдастырылған оқу қызметтерінің кестесі құрылды.

Сөйлейді. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша тәрбиеші Чингисова Қ. «Жыл басы Наурыз» ертеңгілігінің сценаримен өтілу барысымен таныстырды. Ертеңгілікке балалардың қандай өнер түрлерін көрсететіні орындалатын әндер мен билер костюмдарымен және ертеңгілікке қатысатын ертегі кейіпкерлері туралы айтып өтті.

Жарыс сөзге шыққандар әдіскер Дәуітбай Н. аналар мерекесімен Наурыз мерекесіне сценариге сай тәрбиелік мәні бар ата-аналардың қатысуымен өтілді. Ертеңгілік жүргізген тәрбиеші де ұлттық киім киіп педагогика дәріптелді. Балалардың сахнада өз өнерлерін көрсетуді, билеуді тақпақ айтқандары мәнерлі әрі ұнамды болды.

Балабақша меңгерушісі Төлебаева Г. сөйлеп Наурыз мерекесіне арналған ертеңгіліктер жақсы дәрежеде өтілгені туралы айтып өтті. Балалардың дұрыс әрі ұқыпты киіндіруде мән беруді ескертіп айтты.

Менгеруші жанындағы кеңестің шешімі.

1. Тәрбиешілердің құжаттары циклогамма мен перспективалық жоспардың тексерілуі .
2. 8-наурыз Аналар мерекесіне арналған ертеңгілікті жақсы деп бағалансын.

«Жыл басы» Наурыз мерекесіне арналған ертеңгілікті өз деңгейінде жақсы өтілді деп бағалансын.

Менгеруші жанындағы кеңестің төрайымы:



Төлбасва Г.

Хатшы:

Сланбекова А

ЖШС «Күншуақ» бөбекжай балабақшасы
Менгерушісі жанындағы жиналыс отырысының
Хаттамасы №8

08.04.2024ж

Төрағалық етуші: Төлебаева Г.Б.

Хатшы: Сланбекова А.

Қатысқандар: 14

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер .

Тақырыбы: «Ойынның баланың шығармашылық қабілетін дамытудағы орны,жылдық есеп»

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалу туралы. Менгеруші Төлебаева Г.Б.
2. Ойын бала үшін нағыз өмір талқылау сұрақтары. Балалардың сөздік ойындарды менгерудегі тәрбиешілердің рөлі.
3. С. Торайғыров «Балалықтың қанына ойын азық» тақырыбы аясында дискуссия. Ойындар артибутынан, буклеттерінен, жиақтарынан көрме

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша өткен пед кеңесте қаралған «Тәрбиеленушінің өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсуін ұйымдастыру» мақсатында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Сөздік ойындар топтамасының жасалғанымен балармен оқу-тәрбие жұмысында қолданудың жеткіліксіздігін атап өтті.

Екінші мәселе бойынша педагогтер арасында ойын туралы дискуссия өтті. Өдерінің тәжірибесі барысында есте қаларлық қызықтары мен ойын барысында туындаған қиындықтары туралы айтып өтті. Ойын бала үшін нағыз өмір, шындық. Себебі ойында жеңілген бала өмірден жеңілгендей сезімде болады бұл әсіресе ересеп топ балалары арасында көрініс табады. Балаларды жеңіске де жеңіліске де дайындау керек. Жеңілістің дәмін татпаған бала жеңістің дәмін білмейді. Ақылмен ұйымдастырылған ойын балаларға оң ықпалын жасайды. Бұл ойындағы тәрбиешінің рөлін былай көрсетеді. Мен педагог ретінде аздап ойнасам пайдалы бірақ жақындығы жоқ күш боламын. Сол үшін баламен ойнауды әріптертерімнен талап еттім –дейді. Ойын арқылы баланың дене сымбаты қалыптасады, өзіне деген сенімі артады. Ойын дегеніміз-жаттығу, ол арқылы өмірге әзірленеді. Баланың бірінші әрекеті ойын. Ол ешқашанда жалғыз ойнамайды. Ойын барысында өзара қарым –қатынас жасайды деді.

Үшінші мәселе бойынша ойын мектеп жасына дейінгі баланың негізгі іс-әрекеті. Ойын баланың бір қызығушылығы, мүмкіндігі, бейімділігі анық байқалады. Өздіктерінен түрлі ойлау тапсырмаларын шешеді, суреттейді заттарды топтастырады.

- балалардың сөздік қорларын дамыту
- жаңа сөздерді меңгеру

Үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отырыу басты міндет саналады. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық даму баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады. Тәрбиеші бақылау, заттарды қарау, сурет қарау, жұмбақ, шешу құрасыру, саяхат. Ойын-сабақтарын ұйымдастыру барысында балалардың сөздік қорларын дамытады.

Ұжымдық ойындар жолдастықты жолдастықты ауызбіршілікті, құрбы-құрдасын сыйлауды түінеді. Тәрбиешілердің ойын картотекасынан, жинақтарынан жасалған көрмесі тамашаланды.

Шешім

1. «Ойынның баланың шығармашылық қабілетін дамытудағы орны» тақырыбындығы дайындалған материалды қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Педкеңес шешімдерінің орындалуы қадағалауды өзімнің жауапкершілігіме жүктелсін.
3. Балабақшаның жылдық есебі жақсы деп бағаланып, қабылдансын.

Жиналыстың төрайымы



Төлебаева Г.Б.

Хатшы:

Сланбескова А.

**ЖШС «Күншуақ» бөбекжай балабақшасы
Меңгерушісі жанындағы жиналыс отырысының
Хаттамасы №9**

04.05.2024ж

Төрағалық етуші: Төлебаева Г.Б.

Хатшы: Сланбекова А.

Қатысқандар: 13

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер .

1. «Балабақшамен қоштасу» кештерінің өтілуі.
 2. «Балаларды қорғау күні» өткізу және ұйымдастыруы.
 3. Жаз мезгілінің жоспарын бекіту.
1. **Бірінші мәселе бойынша** меңгеруші Төлебаева Г. сөз алды. Білім беру сапасына басқарудың оқу үрдісінде негізгі тетіктері: бақылау, талдау, бағалау, бағдарлау және нәтижелердің динамикалық үрдесінің салыстыру болып табылады. Бұл үрдісте 4 оқу-тәрбие сапасына жасалатын жүйелі бағалаудың бірден бір көзі-мониторинг. 2023-2024 оқу жылы аяқталғалы отыр, тәрбиеленушілердің тізімін жасап, мамыр айының 25 күніне дейін қорытынды мониторингті жасау керектігі айтылған.
 2. **Екінші мәселе бойынша** ересек тобының тәрбиешілері сөз алды. Жалпы «Қош бол, балабақша» атты мерекеге дайындықтары жақсы. Бітірушілер вензеткаға түсіп, дипломдар мен балабақша өміріне белсенді қатысқан ата-аналарға грамота дайындалды. Керекті костюмдермен залды әсемдеуге арналған заттардың тізімін жазып берді. Тәрбиешілер ертенгіліктің сценарийін көрсетті. Сценарий талқыланып бекітілді.
 3. **Үшінші мәселе бойынша** тәрбиеші Тұранқұлова А сөз алды. «Балаларды қорғау күні» өткізу және ұйымдастыру жайында. Мереке 01.06.2023ж музыкалық сағат түрінде өтеді және жәрмеңкеге балалар қуыршақ театры шоу праграммасы өздерінің өнерлерін көрсетіндігін айтты.

Қаулы:

1. Мониторинг есептеліп өткізілсін .
2. Ересек топтың қоштасу мерекесін дайындығы қадаланып сценарий бекітілсін .
3. «Балаларды қорғау күні» мерекесі музыкалық тақырыптық сағат түрінде өткізілсін

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



Төлебаева Г.

Сланбекова А.